

Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № А-12/296 қаулысы. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 қаңтарда № 1-3-149 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № А-3/180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 28.03.2013 № А-3/180 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2)-тармақшасына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ мерзім жұмыс істемейтін тұлғалар (12 айдан артық);
- 2) 29 жасқа дейінгі жастар;
- 3) бірде – бір жұмысшысы жоқ отбасылар;
- 4) маусымдық жұмыс мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан шыққан тұлғалар .

2. «Ақкөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, қосымша нысаналы топтарға жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға көмек көрсету және әлеуметтік қорғау шараларын уақытында қамтамасыз етсін .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Р.М.Қанатоваға жүктелсін .

4. Ақкөл ауданы әкімдігінің «Ақкөл ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбелерін белгілеу туралы» 2010 жылғы 31 наурыздағы № А - 3/81 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-3-135 тіркелген, аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КЗ» газеттерінде 2010 жылғы 16 сәуірде жарияланған) қаулысының күші жойылған деп танылсын .

5. Осы қаулы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген

күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Үйсiмбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК